



Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта жаңғырту және Дамыту банкі арасындағы Займ (Суландыру мен құрғату жүйелерін жетілдіру жобасы) туралы 1996 жылғы 25 маусымдағы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1996 жылғы 27 қыркүйек N 36-І

Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта жаңғырту және Дамыту банкі арасындағы Займ (Суландыру мен құрғату жүйелерін жетілдіру жобасы) туралы 1996 жылғы 25 маусымда Америка Құрама Штаттарының Колумбия округінде қол қойылған келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Займның нөмірі 4041 KZ

Қазақстан Республикасы

мен

Халықаралық қайта құру және даму банкі

арасындағы

ЗАЙМ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

(Жер суландыру және дренаж жүйелерін жетілдіру жобасы)

1996 жылғы маусымның 25-і

Займның нөмірі 4041 KZ

ЗАЙМ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ (Займ алушы) мен ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ДАМУ БАНКІ (Банк) арасындағы 1996 жылғы 25 маусымдағы КЕЛІСІМ.

(А) Займ алушы осы Келісімнің 2-Қосымшасында сипатталған Жобаның

орындалатынына және оның басымдығына көз жеткізе отырып, оның осы Жобаны қаржыландыруда жәрдемдесуге Банкке сұрау салғанын НАЗАРҒА АЛЫП,

Банк, атап айтқанда, жоғарыда айтылғанның негізінде осы Келісімде, сондай-ақ Жоба туралы Банк пен ҚҰБ арасындағы нақ сол күнгі Келісімде көзделген шарттарда Займ алушыға берілген Займды ұзартуға КЕЛІСІМ БЕРГЕНДІКТЕН,

Осы арқылы Тараптар мыналар туралы уағдаласты:

I БАП

Жалпы шарттар. Айқындамалар

1. 01-бөлім. 1985 жылғы 1 қаңтардағы Банктің "Займ және кепілдік туралы келісімдерге қолданылатын Жалпы шарттары" (Жалпы шарттар) төменде айтылған өзгертулерімен бірге осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады:

(а) 3.02-бөлімнің соңғы сөйлемі алынып тасталады;

(б) 5.01-бөлімнің екінші сөйлемі мынадай редакцияда өзгертілді;

"Банк пен Займ алушы арасында өзгеше уағдаластық болып отырған жағдайларды қоспағанда, қаражатты алу (а) Банктің мүшесі болып табылмайтын кез-келген елдің аумағындағы шығындарға, немесе осындай аумақтарда шығарылған тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің ақысын төлеуге қатысты; немесе (б) егер тұлғалардың яки ұйымдардың пайдасына төленетін төлемдерге немесе Банкке мәлім болып отырған тауарлар импортына Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының YII Тарауына сәйкес қабылданған Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің шешімімен тыйым салынған болса, осындай төлемдерді төлеу мақсатында немесе осындай импорттың ақысын

төлеу үшін жүргізілмейді".

(b) 6.02-бөлімдегі (к) тармақшасының атауы (1) тармақшасы болып өзгертіліп, жаңадан мынадай редакцияда (к) тармақшасы қосылған:

"(к) Займ қаражатының бұдан былайғы кез-келген алынуы Банк Келісімі Баптарының 3-бөлімінің III бабының ережелеріне сәйкес келмейтін төтенше жағдай пайда болды".

1.2-бөлім. Егер контекстен өзгеше мағына тумаса, Жалпы шарттарда айқындалатын кейбір терминдер осы айқындамаларда бекіндірілген мағыналарға ие болады, ал қосымша терминдер мынадай мағыналарды білдіреді:

- (a) "Суресурстаркомы" Займ алушының әкімшілік ұйымы - Су ресурстары жөніндегі комитеті, сондай-ақ оның барлық құқық иеленушілерін білдіреді;
- (b) "ЭБ" осы Келісімнің 5-Қосымшасының А бөлімінің 3-тармағында айтылған АШМ жанынан Займ алушы алдағы уақытта құратын экология бөлімін білдіреді;
- (c) "ВҮК" осы Келісімнің 5-Қосымшасының А бөлімінің 1-тармағында көрсетілген ведомствоаралық үйлестіру комитетін білдіреді;
- (d) "АШМ" Займ алушының ауыл шаруашылығы министрлігін білдіреді;
- (e) "ЭБРМ" экология және биоресурстар министрлігін білдіреді;
- (f) "ОҮК" осы Келісімнің 5-Қосымшасының А бөлімінің 5-тармағында көрсетілген облыстық үйлестіру комитеттерін білдіреді;
- (q) "Қатысушы шаруашылық" немесе "қатысушы шаруашылықтар" осы Келісімнің 5-Қосымшасының В 1 (а) тармақтарына сәйкес Жобаға қатысу үшін іріктеліп алынған шаруашылықты немесе шаруашылықтарды білдіреді;
- (h) "ЖЖБТТ" осы Келісімнің 5-Қосымшасының А бөлімінің 7-тармағында көрсетілген жер суландыру жүйесін басқарудың тәжірибелік тобын білдіреді;

- (i) "ЖЖТ" 1995 жылғы 24 қарашадағы N 182 Бұйрыққа сәйкес АШМ жанынан Займ алушы құрған жобаны жүзеге асыру тобын білдіреді.
- (j) "Жобаны әзірлеуге арналған аванс" Займ алушы мен Банк арасындағы 1995 жылғы 14 сәуірдегі және 1995 жылғы 27 шілдедегі хаттар алмасу негізінде Банк Займ алушыға берген, Жобаны әзірлеуге арналған аванстық қаражатты білдіреді.
- (k) "Қарар" Займ алушы осы Келісімнің 5-Қосымшасының В Бөлімінің 1-тармағына сәйкес қабылдаған, Займ алушы Банктің келісімімен мезгіл-мезгіл толықтырып отыруы мүмкін қарарды немесе қарарларды, кез-келген қосымшалар мен толықтыруларды білдіреді.
- (l) "Арнаулы шот" осы Келісімнің 2.02 (b) бөлімінде сипатталған шотты білдіреді.
- (m) "Кіші жоба" осы Келісімнің 5-Қосымшасының В. 1 (a) тармағына сәйкес Жобаның А Бөліміне қосу үшін таңдап алынған жобаны білдіреді.
- (n) "СПА" осы Келісімнің 5-Қосымшасының А бөлімінің 6-тармағында сипатталған Суды пайдаланушылар ассоциациясын білдіреді.

II БАП

Займ

2. 01-бөлім. Банк Займ алушыға займ туралы Келісімде баяндалған немесе көрсетілген шарттарда жиынтық құны сексен миллион АҚШ долларына (80 000 000 АҚШ долларына) баламалы болатын, Займ бойынша алынатын қаражат сомасын көрсететін әртүрлі валютада займ беруге келіседі, бұл ретте Банк әрбір қаражат алынымын осындай алыным күніне бағалайды.

2.02-бөлім. (a) Займ қаражаты осы Келісімнің 1-Қосымшасының ережелеріне сәйкес Займ шотынан осы Келісімнің 2-Қосымшасында сипатталған және Займ қаражатынан

қаржыландырылуға тиісті Жобаны жүзеге асыру үшін қажетті тауарлар мен қызметтерді ұқсас бағалары бойынша сатып алуға жұмсалған (немесе, егер Банк бұған келісім берсе, жұмсалуға тиісті) шығындардың орнын толтыру үшін алынуы мүмкін.

(b) Жобаның мақсаттары үшін Займ алушы коммерциялық банкте қаражаттың қарсы шағым жасалудан, тәркіленуден немесе оларды тұмшалаудан бара-бар қорғалуын қоса, Банк үшін қолайлы шарттарда долларлық арнаулы депозиттік шот ашып, жүргізіп отырады. Арнаулы шотқа салымдар салу және осы шоттан төлемдер төлеу осы Келісімнің 6-Қосымшасының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

(c) Займ туралы Келісім күшіне енген күннен кейін іле-шала Банк Жобаны әзірлеуге шоттан алынған және осы күнге дейін қайтарылмаған негізгі Аванс сомасын қайтару үшін, сондай-ақ осыған байланысты барлық төленбеген есептемелерді төлеу үшін қажетті соманы Займ алушының атынан Займ шотынан алып, өзіне төлейді. Осыдан кейін осылайша алынуға тиісті Аванстың алынбай қалған сомасы жойылады.

2.03-бөлім. 2003 жылдың 31 желтоқсаны немесе Банк белгілейтін осындай неғұрлым кейінірек күн Займ шотының жабылатын күні болып табылады, Банк осындай неғұрлым кейінірек күн туралы Займ алушыны мезгілінде хабардар етеді.

2.04-бөлім. Займ алушы шоттан алынбаған негізгі Займ сомасына жылына бір проценттің төрттен үші ставкасы бойынша (1 %-тің $3/4$) міндеттеме үшін дүркін-дүркін комиссиялық төлемдер төлеп тұрады.

2.05-бөлім. (a) Займ алушы процент есептеудің әрбір кезеңіне осының алдындағы жарты жылдыққа қатысты айқындалған білікті қарыз алу құнына тең ставка бойынша, оған бір проценттің тең жартысын қосып (1 %-тің $1/2$), алынған және қайтарылмаған негізгі Займ сомасы бойынша дүркін-дүркін процент төлеп тұрады. Осы Келісімнің 2.06-бөлімінде көрсетілген күндердің әрқайсысында Займ алушы процент есептеудің

осының алдындағы кезеңі ішінде алынып, қайтарылмаған негізгі Займ сомасына есептелген, процент есептеудің осы кезеңі ішінде қолданылып келген ставка бойынша есептеп шығарылған процент төлейді.

(b) Әрбір жарты жылдық аяқталғаннан кейін Банк осындай жарты жылдыққа қатысты айқындалған білікті қарыз алу құны туралы Займ алушыны мүмкін болғанынша қысқа мерзімде хабардар етеді.

(с) Осы бөлімнің мақсаттары үшін:

(i) "Процент есептеу кезеңі" осы Келісімге қол қойылған уақыттағы процент есептеу кезеңінен бастап, осы Келісімнің 2.06-бөлімінде көрсетілген әрбір күннің нақ алдындағы күні аяқталатын алты ай кезеңді білдіреді.

(ii) "Білікті қарыз алу құны" Банк негіздей отырып айқындаған және Банк 1982 жылдың 30 маусымынан кейін берген, қайтарылмаған қарыз алу құнының жылдық проценті ретінде көрініс тапқан құнды білдіреді; оған Банк қаржыландыру үшін бөлген қарыздар: (А) Банк инвестициялары; (В) Банктер осы бөлімнің (а) тармағында көрсетілгенге қарағанда өзгеше айқындалған проценттік ставкалармен 1989 жылдың 1 шілдесінен кейін беруі мүмкін займдар немесе олардың бөліктері бұған қосылмайды.

(iii) "Жарты жылдық" күнтізбелік жылдың алғашқы алты айын немесе екінші алты айын білдіреді.

(d) Банк кемінде алты ай бұрын Займ алушыға жіберілген хабарламада көрсете алатын күнге осы бөлімнің (а), (b) және (с) (iii) тармақтарында мынадай редакцияда өзгертулер енгізіледі:

"(а) Займ алушы осының алдындағы тоқсанға қатысты айқындалған білікті қарыз алу құнына тең тоқсан сайынғы ставка бойынша, оған бір проценттің тең жартысын қосып (1 %-тің 1/2), алынған және қайтарылмаған негізгі Займ қаражаты сомасы бойынша дүркін-дүркін процент төлеп тұрады. Осы Келісімнің 2.06-бөлімінде көрсетілген күндердің әрқайсысында Займ алушы осының алдындағы процент есептеу кезеңі ішінде алынып, қайтарылмаған негізгі Займ сомасына есептелген, процент есептеудің осы кезеңіне қолданылып келген ставка бойынша есептеп шығарылған процент төлейді".

"(b) Әрбір тоқсан аяқталғаннан кейін Банк осы тоқсанға қатысты айқындалған білікті қарыз алу құны туралы Займ

алушыны мүмкін болғанынша қысқа мерзімде хабардар етеді".

"(с) (iii) "Тоқсан" күнтізбелік жылдың 1 қаңтарында, 1 сәуірінде, 1 шілдесінде немесе 1 қазанында басталатын үш айлық кезенді білдіреді".

2.06-бөлім. Процент және өзге де алымдар жарты жылда бір рет - әр жылдың 1 маусымы мен 1 желтоқсанында төленеді.

2.07-бөлім. Займ алушы негізгі Займ сомасын осы Келісімнің 3-Қосымшасында келтірілген өтеу кестесіне сәйкес қайтарады.

І І І Б А П
Ж о б а н ы ң а т қ а р ы л у ы

3.01-бөлім. (а) Займ алушы осы Келісімнің 2-Қосымшасында айқындалған Жобаның мақсаттарына өзінің қолдай қарайтыны туралы мәлімдейді және осы мақсатта Жобаның А және В Бөлімдерін АШМ арқылы, ал Жобаның С Бөлімі АШМ, ЭБРМ және Займ алушының басқа да ұйымдары

арқылы, барынша адалдықпен әрі тиімділікпен әрі тиісті қаржы, экономикалық және әкімшілік рәсімдеріне сәйкес жүзеге асыратын болады және қажет болғанда мезгілінде қаражат, жабдықтар, қызметтер және Жобаны іске асыру үшін қажетті басқа да ресурстар береді.

(b) Осы бөлімнің (а) тармағында көзделген міндеттемелерге қатысты ескертпелерсіз немесе шектеулерсіз және, егер Банк пен Займ алушы өзгеше уағдаласпаса, Займ алушы Жобаны осы Келісімнің 5-Қосымшасында сипатталған жүзеге асыру Бағдарламасына сәйкес орындайтын болады:

3.02-бөлім. Егер Банкпен өзгеше келісілмесе, Жобаны орындау үшін қажетті әрі Займ қаражаты есебінен қаржыландырылуға тиісті тауарларды, жұмыстарды және консультанттардың қызметтерін сатып алу осы Келісімнің 4-Қосымшасының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

3.03-бөлім. Жалпы шарттардың 9.07-бөлімінің мақсаттары үшін және оның ережелерін шектеместен Займ алушы:

- (a) Банк үшін қолайлы басшылық негізінде Жоба бойынша болашақ қызметтің жоспарын әзірлеп, Қорытынды күннен немесе осы мақсаттар үшін Банк пен Займ алушы арасында келісілген осындай неғұрлым кейінірек күннен кейін алты айдан кешіктірмей Банкке тапсырады.
- (b) жоғарыда аталған жоспар бойынша Банктің Займ алушымен пікір алысуына мүмкіндік береді;

3.04-бөлім. Займ алушы:

- (a) Жобаның орындалуын және тиісті жобалық міндеттердің атқарылуын тұрақты негізде әрі Банк үшін қолайлы қызмет көрсеткіштеріне сәйкес бақылап отыруға және бағалауға өзіне мүмкіндік беретін саясатты жүзеге асырып, тиісті рәсімдерді орындап отырады;
- (b) осы бөлімнің (a) тармағына сәйкес атқарылатын бақылау және бағалау жөніндегі қызметтің нәтижелерін қамтитын есеп беру уақытының алдындағы кезең ішінде Жобаны іске асырудың қол жеткен нәтижелері бойынша аталған есепті Банк үшін қолайлы техникалық тапсырмаға сәйкес әзірлейді және 1999 жылдың 30 қыркүйегінде немесе шамамен осы күндерде Банкке тапсырып, онда аталған күннен кейінгі кезең ішінде Жобаны тиімді түрде орындауды және тиісті міндеттерді атқаруды қамтамасыз ету жөнінде ұсынылатын шараларды баяндайды;
- (c) Банкпен бірге 1999 жылдың 31 қазанына немесе Банк сұратуы мүмкін осындай неғұрлым кейінірек күнге осы бөлімнің (b) тармағында көрсетілген есепке шолу жасайды және аталған есептің тұжырымдары мен ұсыныстарын әрі осы мәселе бойынша Банктің пікірлерін негізге ала отырып, кейіннен Жобаның тиімді түрде аяқталуын және тиісті міндеттердің атқарылуын қамтамасыз ету жөнінде қажетті барлық шараларды қолданады.

3.05-бөлім. Займ алушы:

- (a) Банктің жер суландыру секторындағы ұлттық инвестициялық бағдарламасын тұрақты негізде, Банк үшін қолайлы

көрсеткіштерге сәйкес бақылап отыруға және бағалауға өзіне мүмкіндік беретін саясат жүргізіп, тиісті рәсімдерді жүзеге асырады;

(b) осы бөлімнің (a) тармағына сәйкес атқарылатын бақылау және бағалау жөніндегі қызметтің нәтижелерін қамтитын жылдық есеп беру уақытының алдындағы кезең бойынша аталған есепті Банк үшін қолайлы техникалық тапсырмаға сәйкес әзірлейді және шамамен 1997 жылдың 30 қыркүйегінде, 1998 жылдың 30 қыркүйегінде, 1999 жылдың 30 қыркүйегінде, 2000 жылдың 30 қыркүйегінде, 2001 жылдың 30 қыркүйегінде және 2002 жылдың 30 қыркүйегінде Банкке тапсырып, онда Займ алушының жер суландыру секторына тиісті, Жобаның міндеттеріне жауап беретін инвестициялар салуды, осы Келісімнің 3.01 (a) бөліміне сәйкес жобаның атқарылуы үшін қажетті қаражат пен басқа да ресурстар беру жайындағы Займ алушының міндеттемелерін қамтамасыз ету жөнінде қажет болатын тиісті шараларды баяндайды, сондай-ақ:

(c) Банкпен бірге 1997 жылдың 31 қазанына, 1998 жылдың 31 қазанына, 1999 жылдың 31 қазанына, 2000 жылдың 31 қазанына, 2001 жылдың 31 қазанына, 2002 жылдың 31 қазанына немесе Банк сұратуы мүмкін осындай неғұрлым кейінірек күнге осы бөлімнің (b) тармағында көрсетілген есепке шолу жасайды және осы мәселе бойынша Банктің пікірін әрі осы Келісімнің 3.01 (a) бөліміне сәйкес Жоба үшін қажетті қаражат пен өзге де ресурстар беру жөніндегі Займ алушының міндеттемелерін есепке ала отырып, кейіннен жер суландыру секторында ұлттық инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыруды жалғастыра береді.

IV БАП

Қаржы шарттары

4.01-бөлім. (a) Займ алушы бухгалтерлік есепке алудың тиісті практикасына сәйкес қызмет нәтижелерін, қолда бар ресурстарды және Займ алушының Жобаны немесе оның қандай да болсын бір бөлігін жүзеге асыру үшін жауапты мекемелері мен ведомстволарының Жобаны орындауға байланысты шығындарын көрсететін бара-бар есептік құжаттар мен шоттарды жүргізеді немесе олардың жүргізілуін қамтамасыз етеді.

(b) Займ алушы:

(i) Банк шарттарын қанағаттандыратын тәуелсіз аудиторлар тиісті дәрежеде қолданатын тиянақты аудит қағидаттарына сәйкес осы бөлімнің (a) тармағында ескертілген есептік құжаттар мен шоттарды, соның ішінде әрбір қаржы жылының Арнаулы шоты бойынша есептік құжаттар мен шоттарды аудиторлық тексерістен өткізеді;

(ii) ескертілген аудиторлар жүргізген осындай аудиторлық тексеріс туралы есепті Банк негіздей отырып сұратуы мүмкін көлемде және сондай дәрежеде нақтылап, әзір болуына қарай, бірақ қаржы жылы аяқталғаннан кейін алты айдан кешіктірмей Банкке беріп отырады; және

(iii) Банк негіздей отырып дүркін-дүркін сұратуы мүмкін, ескертілген есептік құжаттарға, шоттарға және аудиторлық тексерістерге байланысты өзге де ақпаратты Банкке беріп отырады.

(c) жүзеге асыру үшін шығыс ведомостары негізінде Займ шотынан қаражат алу жүргізілген барлық шығындар бойынша Займ алушы:

(i) осындай шығындарды көрсететін есептік құжаттар мен шоттарды жүргізуге немесе осы бөлімнің (a) тармағына сәйкес олардың жүргізілуін қамтамасыз етуге;

(ii) осындай шығындарды айғақтайтын барлық есептік құжаттаманы (контрактыларды, тапсырыстарды, шот-фактураларды, түбіртектерді, шоттарды және өзгелерін) Банк Займ шотынан соңғы рет қаражат алынған немесе Арнаулы шоттан төлемдер төленген қаржы жылындағы аудиторлық есепті алғаннан кейін, әрі кеткенде, бір жыл ішінде сақтауға;

(iii) Банктің уәкілдеріне осындай құжаттаманы тексеруге мүмкіндік беруге;

(iv) осындай есептік құжаттар мен шоттар осы бөлімнің (b)

тармағында көрсетілген жыл сайынғы тексеріске қосылуын және аудит туралы есепте осы қаржы жылы ішінде ұсынылған шығыс ведомостары оларды әзірлеу кезінде қолданылған ішкі бақылау рәсімдері мен әдістерін есепке алғанда аталған қаражат алу үшін негіз бола ала ма, жоқ па - сол туралы ескертілген аудиторлардың жеке тұжырымы болуын қамтамасыз етуге міндетті.

V БАП

Банктің қорғану құралдары

5.01-бөлім. Жалпы шарттардың 6.02 (I) бөліміне сәйкес мынадай қосымша, оқиғалар, атап айтқанда, Жарлыққа түзетулер енгізу, оның үшін жою немесе оны орындаудан бас тарту ескертіледі.

5.02-бөлім. Жалпы шарттардың 7.01 (h) бөліміне сәйкес мынадай қосымша оқиға, осы Келісімнің 5.01-бөлімінде көзделген оқиға болатыны ескертіледі.

VI БАП

Күшіне ену мерзімі. Қолданылу күшін тоқтатуы

6.01-бөлім. Мынадай оқиға Жалпы шарттардың 12.01 (с) бөліміне сәйкес Займ туралы осы Келісімнің күшіне енуінің қосымша шарты ретінде белгіленеді.

6.02-бөлім. Мынау, атап айтқанда, Жарлық тиісті дәрежеде қабылданып алынып, күшіне енгізілгені Жалпы шарттардың 12.02 (с) бөліміне сәйкес Банкке тапсырылатын Қорытындыға немесе Қорытындыларға енгізу қажет болатын қосымша мәселе ретінде белгіленеді.

6.03-бөлім. Осы арқылы Жалпы шарттардың 12.04-бөлімінің мақсаттары үшін осы Келісімге қол қойылған күннен бастап тоқсан (90) күн мерзім белгіленеді.

VII БАП

Займ алушының уәкілдері, мекен-жайлар

7.01-бөлім. Қаржы министрі немесе қаржы министрінің орынбасары Жалпы шарттардың 11.03-бөлімінің мақсаттары үшін Займ алушының уәкілі ретінде айқындалады.

7.02-бөлім. Жалпы шарттардың 11.01-бөлімінің мақсаттары үшін мынадай мекен-жайлар айқындалады:

Займ алушы үшін:

Қаржы министрлігі

480091 Қазақстан Республикасы

Алматы, Абылай хан даңғылы 97

Телекс: 251 245 FILIN

Банк үшін:

International Bank for Rekonstruktion and Development

1818 H Street, N. W.

Washington, D. C. 20433

United States of Amerika

Телеграф:

Телекс:

INBAFRAD

248423 (RCA)

Washington, D. C.

82987 (FTCC)

64145 (WUI) немесе

197688 (TRT)

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ РЕТІНДЕ Тараптар өздерінің тиісті дәрежеде өкілеттігі бар уәкілдері арқылы әрекет ете отырып, осы Келісімге Америка Құрама Штаттарының Колумбия округінде, жоғарыда көрсетілген күні және жылы қол қойды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН

Өкілетті уәкіл

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЙТА ҚҰРУ

ЖӘНЕ ДАМУ БАНКІ ҮШІН

Еуропа және Орта Азия Аумағының

Вице-президенті

1-ҚОСЫМША

Займ қаражатын шоттан алу

1. Төмендегі кестеде займ қаражатынан қаржыландыруға жататын шығындар санаты, Займ қаражатының әрбір санат бойынша бөлінуі және әр

санат бойынша Займ қаражатынан қаржыландыруға жататын процентпен көрсетілген шығындар үлесі айқындалған:

санаты	Бөлінген Займ сомасы	Қаржыландыруға жататын шығындар үлесі (%)
(1) Тауарлар	3 500 000	100 % шетелдік шығындар, 100 % жергілікті шығындар (бағасы франк-зауыт), сол жерде сатып алынған басқа тауарлар үшін 85 % жергілікті шығындар
(2) Жұмыстар	60 400 000	70 %
(3) Консультанттардың қызметі		100 %
(4) Жобаны әзірлеуге арналған авансты өтеу	1 500 000	Келісімнің 2.02 (с)-тарауына сәйкес тиесілі сома
(5) Бөлінбеген қаражат	3 000 000	
ЖИЫНЫ	80 000 000	

2. Осы қосымшаның мақсаттары үшін:

(а) "шетелдік шығындар" термині Займ алушының елінен басқа кез келген елдің аумағынан жеткізілетін тауарлар мен қызметтерді сатып алуға Займ алушының елінен басқа кез келген елдің валютасымен жұмсалған шығындарды білдіреді;

(б) "жергілікті шығындар" термині Займ алушының аумағынан жеткізілетін тауарлар мен қызметтерді сатып алуға Займ алушының валютасымен жұмсалған шығындарды білдіреді.

3. Жоғарыдағы 1-тармақтың ережелеріне қарамастан:

(а) егер осы Келісімнің 7-қосымшасына сәйкес Банк қолдаған төлемдер жүргізілетін тиісті қосымша жобаны Займ алушы бекітпесе, (2) санатқа енгізілген шығындардың орнын толтыруға арналған төлемдерге қатысты қаражат алу жүргізілмейді.

4. Банк келісім-шарт негізінде 200 000 АҚШ долларына тауарлар, 50 000 АҚШ долларына баламалы сомаға жұмыс сатып алу жөніндегі шығындарды төлеу; келісім-шарт бойынша консультациялық қызметке (і) консультациялық фирмалар үшін 100 000 АҚШ долларына дейін және (іі) жеке тұлғалар үшін 50 000 АҚШ доллары сомасында ақы төлеу үшін Займ шотынан қаражат алу Банк Займ алушыны хабардар ететін шарттарға сәйкес шығыс ведомостары негізінде жүзеге асырылуын сұрай алады.

2-ҚОСЫМША

Жобаның сипаттамасы

Жобаның мақсаты (а) жер суландыру және дренаж жүйесін қайта құру, су шаруашылығы жүйесін жетілдіру, оны пайдалану мен жөндеуді жақсарту есебінен Қазақстан Республикасында тұрақты суарылатын ауыл шаруашылығы өндірісінің дамуына жағдай жасау; (b) ауыл шаруашылығы практикасының барынша тиімді және өнімді әдістерін енгізу, фермерлер үшін ақпарат қызметін құру; сондай-ақ (с) Займ алушының жер суландыру және дренаж жүйелері мәселелерімен шұғылданатын ұйымдары мен ведомстволарының институттық мүмкіндіктерін нығайту болып т а б ы л а д ы .

Займ алушы мен Банк көрсетілген мақсаттарға жету үшін мезгіл-мезгіл уағдаласып отыратын бұдан кейінгі өзгерістерді есепке ала отырып, Жобаға төмендегі бөліктер е н г і з і л д і :

А бөлігі. Жер суландыру және дренаж жүйесін қайта құру

Қосымша жоба шеңберінде жер суландыру мен дренаждың шаруашылық және шаруашылық аралық жүйесін қайта құру есебінен арық суын пайдаланудың сенімділігі мен тиімділігін жетілдіру.

В бөлігі. Жекешелендірілген шаруашылықтардың ауыл шаруашылығының дамуы

Ауыл шаруашылығы қызметкерлерін оқытуды жетілдіру, сынақтар мен ақпарат қызметін көрсету практикасын дамыту мақсатында жекешелендірілген шаруашылықтардың ауыл шаруашылығының дамуын қажетті тауарлармен және

қызметтермен қамтамасыз ету есебінен ынталандыру.

С бөлігі. Институттық даму

1. Тауарлармен, қызметпен, оқытумен қамтамасыз ету арқылы Жобаны жүзеге асыру мақсатында АШМ, ЭБРМ, ЖЖТ және Займ алушының басқа да ұйымдарының институттық мүмкіндіктерін нығайту.

2. Қызмет көрсету жолымен ЖЖБТ құру жөнінде зерттеулер жүргізу арқылы шаруашылық аралық жер суландыру жүйесін пайдалану мен басқаруды жетілдіру.

Жобаны жүзеге асыру 2002 жылғы 31 желтоқсанда аяқталады деп болжануда.

3-ҚОСЫМША

Займды өтеу кестесі

Төлеу мерзімі	Займның негізгі сомасын төлеу (доллармен)
2001 ж. 1 желтоқсан	1 550 000
2002 ж. 1 маусым	1 605 000
2002 ж. 1 желтоқсан	1 660 000
2003 ж. 1 маусым	1 720 000
2003 ж. 1 желтоқсан	1 780 000
2004 ж. 1 маусым	1 845 000
2004 ж. 1 желтоқсан	1 905 000
2005 ж. 1 маусым	1 975 000
2005 ж. 1 желтоқсан	2 040 000
2006 ж. 1 маусым	2 115 000
2006 ж. 1 желтоқсан	2 185 000
2007 ж. 1 маусым	2 265 000
2007 ж. 1 желтоқсан	2 345 000
2008 ж. 1 маусым	2 425 000
2008 ж. 1 желтоқсан	2 510 000
2009 ж. 1 маусым	2 595 000
2009 ж. 1 желтоқсан	2 685 000

2010 ж. 1 маусым	2 780 000
2010 ж. 1 желтоқсан	2 880 000
2011 ж. 1 маусым	2 980 000
2011 ж. 1 желтоқсан	3 085 000
2012 ж. 1 маусым	3 190 000
2012 ж. 1 желтоқсан	3 300 000
2013 ж. 1 маусым	3 415 000
2013 ж. 1 желтоқсан	3 535 000
2014 ж. 1 маусым	3 660 000
2014 ж. 1 желтоқсан	3 785 000
2015 ж. 1 маусым	3 920 000
2015 ж. 1 желтоқсан	4 055 000
2016 ж. 1 маусым	4 210 000

* Бұл бағандағы сандар қаржы алудың тиісті күнінде айқындалған доллар баламасын білдіреді. Қараңыз. Жалпы шарттар, 3.04 және 4.03-тараулар.

Мерзімінен бұрын өтегені үшін берілетін сыйақылар

Жалпы шарттардың 3.04(b)-тарауына сәйкес кез келген өтеу мерзіміндегі Займның негізгі сомасын мерзімінен бұрын өтегені үшін төленген алым дегеніміз мерзімінен бұрын өтеудің тиісті сәтіне айқындалған процент болып табылады.

Мерзімінен бұрын өтеу кезеңі	Сыйақы
	Мерзімінен бұрын өтеу күнінде Займ сомасына қолданылатын проценттік ставка (жылдық процент) мынаған көбейтілген

Өтеу мерзіміне дейін үш жылдан аспайтын	0,15
--	------

Өтеу мерзіміне дейін үш жылдан астам, бірақ алты жылдан аспайтын	0,30
---	------

Өтеу мерзіміне дейін алты жылдан астам, бірақ 11 жылдан аспайтын	0,55
---	------

Өтеу мерзіміне дейін 11 жылдан астам, бірақ 16 жылдан аспайтын 0,80

Өтеу мерзіміне дейін 16 жылдан астам, бірақ 18 жылдан аспайтын 0,90

Өтеу мерзіміне дейін 18 жылдан астам 1,00

4-ҚОСЫМША

Сатып алулар және консультанттардың қызметі

I-бөлім. Тауарлар мен жұмыстар сатып алу

А бөлігі: Жалпы ақпарат

Тауарлар мен қызметтер сатып алу Банк 1995 жылғы қаңтарда жариялаған және 1996 жылғы қаңтарда қайта қараған "Басшылық ХҚДБ-нің займдары және МАР кредиттері бойынша сатып алынған заттар" (басшылық) 1-бөлімінің ережелеріне және осы бөлімнің мынадай ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады:

В бөлігі: Халықаралық конкурстық сауда-саттықтар

1. Осы Қосымшаның С бөлігінің ережелерінде көрсетілгеннен басқа кезде тауарлар мен жұмыстар сатып алу "Басшылықтың" II тарауы мен 1-қосымшаның 5-тармағының ережелеріне сәйкес жасалған келісім-шарттар бойынша жүзеге асырылады.

2. Төмендегі ереже В бөлігінің 1-тармағының ережелеріне сәйкес

жасалатын келісім-шарттар бойынша тауарлар мен жұмыстар сатып алу үшін қолданылады.

Хабарламалар мен хабарландырулар

Құны 10 000 000 долларлық баламада және одан да жоғары бағаланған келісім-шартқа жарияланған алдын ала маманданған іріктеуге немесе тендерлерге қатысуға шақыру Басшылықтың 2.8-тармағында баяндалған үлкен келісім-шарттарға қатысты қолданылатын рәсімдерге сәйкес орналастырылады.

С бөлігі: Өзге де сатып алу рәсімдері

1. Ұлттық конкурстық сауда-саттықтар

Бір келісім-шарт үшін сметалық құны 500 000 АҚШ долларына баламалы сомдан кем, ал жиынтық құны 2 000 000 АҚШ долларының баламасынан аспайтын жұмыстарды Басшылықтың 3.3 және 3.4-тармақтарының ережелеріне сәйкес жасалған келісім-шарттар бойынша сатып алуға болады.

2. Халықаралық сатып алулар

Бір келісім-шарт үшін сметалық құны 200 000 АҚШ долларының баламасынан кем соманы құрайтын, ал жиынтық сомасы 3 000 000 АҚШ долларының баламасынан аспайтын тауарларды Басшылықтың 3.5 және 3.6-тармақтарының ережелеріне сәйкес халықаралық сатып алулар рәсімдері негізінде жасалған келісім-шарттар бойынша с а т ы п а л у ғ а б о л а д ы .

3. Ұлттық сатып алулар

Бір келісім-шарт үшін сметалық құны 50 000 АҚШ долларының баламасынан кем соманы құрайтын, ал жиынтық сомасы 2 000 000 АҚШ долларының баламасынан аспайтын тауарларды Басшылықтың 3.5 және 3.6-тармақтарының ережелеріне сәйкес ұлттық сатып алулар рәсімдері негізінде жасалған келісім-шарттар бойынша с а т ы п а л у ғ а б о л а д ы .

4. Кіші-гірім жұмыстарды сатып алу

Бір келісім-шарт үшін сметалық құны 100 000 АҚШ долларының баламасынан кем, ал жиынтық сомасы 500 000 АҚШ долларының баламасынан аспайтын жұмыстарды белгілі кәсіпке сәйкес келетін үш (3) отандық мердігерден жазбаша шақыруға жауап ретінде алынған бағалау негізінде жасалған, қатаң кесімді бағалы қойылған келісім-шарт бойынша сатып алуға болады. Шақыруға жұмыстың толық сипаттамасы, оның ішінде негізгі ерекшеліктер жұмысты аяқтаудың талап етіліп отырған күні, Банк үшін тиімді шарттың негізгі нысаны және қолайлы жағдайларда тиісті сызбалар енгізіледі. Келісім-шарт талап етіліп отырған жұмысты орындау үшін ең аз баға ұсынған және келісім-шартты табысты аяқтауға қажетті тәжірибесі мен ресурсы бар

мердігерге

беріледі.

Д бөлігі: Банктің сатып алулар бойынша шешімдерді тексеру

1. Сатып алуларды жоспарлау

Басшылыққа қосымшаның 1-тармағының ережелеріне сәйкес сауда-саттыққа қатысу үшін алдын-ала іріктеуге шақырулар жіберуге дейін немесе конкурстық ұсыныстар беруге дейін Банкке Жоба бойынша сатып алулардың ұсынылатын жоспарын тексеруге және бекітуге беру керек. Барлық тауарлар мен жұмыстарды сатып алу Банк мақұлдаған сатып алулар жоспарына және аталған 1-тармақтың ережелеріне сәйкес жүргізілуі қажет.

2. Алдын-ала тексеру

Сметалық құны 20 000 АҚШ долларына баламалы немесе одан артық тауарлар сатып алуға арналған келісім-шартқа; құны 500 000 АҚШ доллары немесе одан артық жұмыстарды сатып алуға жасалған әрбір келісім-шартқа; ұлттық сауда-саттық рәсімдеріне сәйкес жұмыстар сатып алуға жасалған бірінші келісім-шартқа және С.4 бөлікке сәйкес сатып алынатын үлкен емес жұмыстарды орындауға жасалған бірінші келісім-шартқа қатысты Басшылықтың 1-қосымшасының 2 және 3-тармағында баяндалған тәртіп қолданылады.

3. Кейінгі тексеру

Осы бөліктің 2-тармағына сәйкес бекітілмеген әрбір келісім-шартқа қатысты Басшылықтың 1-қосымшасының 4-тармағында баяндалған рәсімдер қолданылады.

II БӨЛІМ. Консультанттар жалдау

1. Консультациялық қызмет көрсету туралы келісім-шарт 1981 жылғы тамызда Банк жариялаған "Басшылық: Банктің Займ алушыларының және атқарушы ұйым ретінде Бүкіл дүние жүзілік банктің консультанттарды пайдалануы" (Консультанттарды пайдалану жөнінде басшылық) ережелеріне сәйкес жасалады. Ұзақ уақытқа созылатын, күрделі тапсырмаларға мұндай келісім-шарттар жасау Банк шығарған консультациялық қызмет көрсетуге арналған келісім-шарттың Банктің келісімімен жасалған өзгерістер енгізілген бір үлгідегі нысанына негізделуі қажет. Банк шығарған бір үлгідегі тиісті келісім-шарттық құжаттама болмаған жағдайда Займ алушы Банкке қолайлы басқа бір үлгідегі құжатты пайдаланады.

2. Осы Бөлімнің 1-тармағының ережелеріне қарамастан, Банк тарапынан қысқа тізімдерді, іріктеу рәсімдерін, шақыру-хаттарын, ұсыныстарды, бағалау есептерін және келісім-шарттарды алдын-ала тексеруді немесе мақұлдауды көздейтін Консультанттарды пайдалану жөніндегі басшылықтың ережелері мыналарға: (a) консультациялық фирмаларды жалдау жөніндегі, сметалық құны 100 000 АҚШ долларының баламасынан кем болатын келісім-шарттарға немесе (b) конкурс болмаған жағдайда консалтингтік компанияларды таңдауға; (c) Банк негізді түрде ерекше маңызды деп айқындаған тапсырмаларға; (d) егер өзгерістердің нәтижесінде келісім-шарттың құны 50 000 АҚШ долларына баламалы немесе одан жоғары болса, жеке консультанттарды жалдауға жасалған келісім-шарттарға енгізілген өзгерістерге қ а т ы с т ы қ о л д а н ы л м а й д ы .

5-ҚОСЫМША

Жобаны жүзеге асыру бағдарламасы

А бөлігі: Жобаны жүзеге асыруға жалпы жауапкершілік

1. МҮК. Займ алушы Жоба аяқталғанға дейін АШМ-нің жоғарғы ресми тұлғасы төрағалық ететін министрлік аралық үйлестіру комитетінің (МҮК) қызметін жүзеге асырады, Займ алушының мына министрліктерінің: Қаржы министрлігінің, Экономика министрлігінің, Геология министрлігінің, Құрылыс министрлігінің, ЭБРМ-нің және Су ресурстары комитетінің, ЖЖТ-ның, Шетелдік капиталды пайдалану жөніндегі комитеттің, Жермемкомның, гидрометқызметтің, Мемлекеттік эпидемиология станциясының, Денсаулық сақтау министрлігінің, Орман шаруашылығы министрлігінің өкілдері оған мүше болып табылады. МҮК Жобаны жүзеге асыру жөніндегі жұмыстардың барысына жасалған талдау үшін және Жоба шеңберінде ведомствоаралық үйлестірумен байланысты барлық жалпы мәселелердің шешілуі үшін ж а у а п б е р е д і .

2. АШМ және ЖЖТ. АШМ Жобаның жалпы жүзеге асуы үшін жауап береді және бақылау жүргізеді. ЖЖТ Жобаны басқару жөніндегі күнделікті қызмет, басқару мен үйлестіру, соның ішінде сатып алуға, бухгалтерлік есеп жүргізуге, займ қаражатын төлеу мен жұмсауға, аудитке, есептемеге байланысты қызмет, сондай-ақ мүмкіндігі мол қосымша жобаларды сәйкестеу, жасау, талдау мен іріктеу үшін жауап береді. ЖЖТ-ға осы Келісімнің 4-қосымшасы ІІ бөлімінің ережелеріне сәйкес қызметке тағайындалатын маман консультанттар көмек көрсетеді, олар ЖЖТ-ға: (i) Жоба бойынша жалпы жоспарлау мен басқару; (ii) жер суландыру мен дренаж жұмыстарын жобалау және жүргізу; (iii) шаруашылықты басқару және оқыту; (iv) қоршаған орта; (v)

сатып алу; (vi) қаржыны басқару; және (vii) қосымша жобаларды бағалау және жұмыс нәтижелерін қадағалау жөніндегі мәселелер бойынша консультациялар береді, бірақ мұнымен ғана шектеліп қалмайды.

3. ҚОҚБ. АШМ 1997 жылғы 31 наурызға қарай АШМ-нің құрамында Қоршаған ортаны қорғау бөлімін (ҚОҚБ) құрады. Құрамына қажетінше маман-экологтар кіретін ҚОҚБ-нің басшылығына АШМ-нің басшы қызметкері сайланады. ЭБ басқа да қызметтеріне қоса мыналар: (i) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі салалық саясатты және жұмыс жоспарын жасау мен іс жүзіне асыру; (ii) Займ алушының экологиялық заңдары бойынша АШМ-нің жауапкершілігін сақтау мақсатында жоспарлау мен басқару; (iii) салалық, аймақтық және нақтылы жобалық қызметті жүзеге асыру кезінде қоршаған ортаның жағдайына бағалау жүргізу бойынша АШМ-нің мүмкіндіктерін дамыту; (iv) салалық экология мәселелері бойынша; және (v) Займ алушының басқа да экологиялық ұйымдарымен өзара қарым-қатынасы үшін жауап береді.

4. ЭБРМ. Экология және биоресурстар министрлігі Жоба шеңберінде қоршаған ортаны қорғау мәселелерін үйлестіру үшін жауап береді.

5. ОҮК. Займ алушы Банкке қолайлы шарт жағдайларына сәйкес Жобаның жүзеге асуы аяқталғанға дейін облыстық үйлестіру комитеттерінің қызметін қамтамасыз етеді, ол облыстық деңгейдегі қосымша жобалармен байланысты ведомствоаралық мәселелерді шешуде ЖЖТ-ға көмек көрсетеді.

6. СПА. АШМ қажетті дәрежеде консультанттардың көмегімен және Банкке қолайлы тәсілмен бұрынғы кеңшарлар мен ұжымшарлар шекарасында Су пайдаланушылар ассоциациясын құрудың нормативтік-құқықтық негіздерін зерттеп, жасайды, осының шеңберінде СПА дренаж жүйесін пайдалану мен басқару үшін жауап б е р е д і .

7. ЖЖБТТ. АШМ ЖЖБТТ-ның құқықтық, ұйымдық, функциялық және техникалық аспектілеріне байланысты зерттеулерді Банк үшін қолайлы техникалық тапсырмаға сәйкес қамтамасыз етеді және 1997 жылғы 30 сәуірге дейін аяқтайды.

В бөлігі: Жобаны жүзеге асыру жөніндегі нақтылы міндеттер

1. Займ алушы Банк қанағаттанарлық Жарлық қабылдайды, онда Жобаның А бөлігі орындалуының құқықтық негіздері, оның ішінде осы Келісімнің 7-қосымшасында баяндалған рәсімдер, құқықтық өлшемдер, сондай-ақ мерзім мен шарттар белгіленеді.

2. Займ алушы: (а) жобаға қатысу рәсімдері мен өлшемдеріне сәйкес, сондай-ақ Жарлықта баяндалған және Банк үшін қолайлы шарттар мен ережелерге, соның ішінде жобаға қатысу рәсімдері мен өлшемдеріне, сондай-ақ осы Келісімнің 7-қосымшасында баяндалған шарттар мен ережелерге сәйкес Жобаның А бөлігі бойынша қосымша жобаларды, сондай-ақ Жобаға енгізу үшін шаруашылықтарды таңдап алады; және (b) қосымша жобаларды Жарлықта баяндалған және Банк үшін қолайлы мерзімдер мен

шарттарға, соның ішінде осы Келісімнің 7-қосымшасы С бөлігіндегі мерзімдер мен шарттарға сәйкес жүзеге асырады.

3. Займ алушы белгіленген тәртіпке сәйкес, жоба аяқталғанға дейін АШМ жанындағы Жобаны жүзеге асыру тобының (ЖЖТ) тұрақты қызмет етуін қамтамасыз етеді, Жобаның табысты жүзеге асуы үшін қажетті және Банк үшін қолайлы өкілеттіктер шеңберіне сәйкес топтардың - кадрлармен, оның басқармаларының білікті мамандармен тұрақты толықтырылуын қамтамасыз етеді.

4. Займ алушы бұрынғы кеңшарлар мен ұжымшарлар шекарасынан тыс орналасқан жер суландыру және дренаждық инфрақұрылымдарды пайдалануға, күтіп ұстауға және жөндеуге жұмсалған шығындарды өтеу ставкаларын жалпы мемлекеттік ауқымда 1997 жылғы 31 желтоқсанға дейін

кем дегенде елу бес процент (55 %), 1998 жылғы 31 желтоқсанға дейін жетпіс процент (70 %), 1999 жылғы 31 желтоқсанға дейін сексен процент (80 %) және 2000 жылғы 31 желтоқсанға дейін тоқсан проценттен (90 %) астам қамтамасыз етеді.

6-ҚОСЫМША

Арнаулы шот

1. Осы қосымшаның мақсаттары үшін

(а) "өкілетті санаттар" термині осы Келісімнің 1-қосымшасының 1-тармағындағы кестеде көрсетілген (1), (2) және (3) санаттарды білдіреді;

(б) "өкілетті шығындар" термині Жобаны жүзеге асыруға қажетті және осы Келісімнің 1-қосымшасының шарттарына сәйкес тиісті санаттарға мезгіл-мезгіл бөлінетін Займ қаражатынан қаржыландырылатын тауарлар мен қызметтерді лайықты бағаға сатып алуға жұмсалған шығындарды білдіреді;

(с) "рұқсат етілген қаражат" термині осы қосымшаның 3(а)-тармағына сәйкес Займ шотынан алынып, Арнаулы шотқа есептелетін, 1 000 000 АҚШ долларына баламалы соманы білдіреді, бірақ мынадай шарт қойылады: егер Банк өзгеше келіспесе, Займ шотынан алынатын қаражат сомасы мен Жалпы шарттардың 5.02-бөліміне сәйкес Банк қабылдаған барлық өтелмеген арнаулы міндеттемелердің жалпы сомасының жиынтығы 2 млн. АҚШ долларына тең немесе одан жоғары болып тұрған кезде рұқсат етілген қаражаттың лимитті сомасы 500 000 долларлық баламаны құрайтын болады.

2. Арнаулы шоттан қаражат төлеу тек қана осы қосымшаның шарттарына сәйкес тиісті шығындар үшін жүргізілуі қажет.

3. Арнаулы шот тиісті түрде ашылғаны жөнінде Банк үшін қолайлы куәлік оған тапсырылған соң, рұқсат етілген қаражатты тиісінше алу және Арнаулы шотты толықтыру мақсатында бұдан кейінгі қаражат алу мынадай тәртіпте жүргізіледі:

(а) Займ алушы рұқсат етілген қаражаттан қаржы алу үшін депозитке немесе рұқсат етілген ақшаның жиынтық сомасынан аспайтын депозиттерге Банкке тапсырыс береді. Осындай тапсырыстың немесе тапсырыстардың негізінде Банк Займ алушының атынан Займ шотынан қаржы алып, оны Арнаулы шоттағы депозитке Займ алушы сұраған сомада немесе сомаларда есепке енгізеді.

(b) (i) Займ алушы Арнаулы шотты толықтыру мақсатында Арнаулы шотқа Банк белгілеген аралықтарда қаржы аудару үшін Банкке тапсырыс береді;

(ii) аталған әрбір тапсырысты алғанға дейін немесе осындай тапсырысты алған бойда Займ алушы Банкке төлем немесе төлемдерді жүргізу үшін осы қосымшаның 4-тармағында көрсетілген құжаттаманы және басқа куәліктерді тапсырады, осыған сәйкес Арнаулы шоттағы қаржыны толықтыру сұралады. Әрбір осындай тапсырыстың негізінде Банк Займ алушының атынан Займ шотынан қаржы алу жүргізеді және оны Займ алушы сұраған сомада Арнаулы шоттың есебіне енгізеді, бұл соманың негізді екендігі өкілетті шығындарды төлеу үшін Арнаулы шоттан осы соманың алынғандығын куәландыратын аталған қаржы және басқа құжаттармен расталады.

Банктің Шоттан аталған депозиттерді алуы өкілетті санаттар шеңберінде және ұсынылған қаржылық және басқа құжаттармен расталатын тиісті баламалы сомада жүргізіледі.

4. Займ алушы өзінің Арнаулы шоттан жүргізген әрбір төлемі бойынша Банк тапсырысында көрсетілген кезең ішінде Банкке бұл төлемнің тек қана өкілетті шығындар үшін жүргізілгенін растайтын құжаттаманы және басқа куәліктерді тапсырады.

5. Осы қосымшаның 3-тармағының ережелеріне қарамастан, Банк Арнаулы шотқа бұдан кейінгі депозиттер туралы тапсырысты мынадай жағдайларда:

(а) егер кез келген сәтте Банк Займ алушы бұдан әрі барлық қаржы алуды Жалпы шарттардың V бабында және осы келісімнің 2.02-бөлімінің (а) тармағында көзделгендей, тікелей Займ шотынан жүзеге асыратынын айқындаса; немесе

(b) егер Займ алушы Банкке осы Келісімнің 4.01 (b) (ii) бөлімінде ескертілген мерзімде бухгалтерлік жазбалар мен Арнаулы шот бойынша шоттарды аудиторлық тексеруге қатысты, аталған тарауға сәйкес талап етілген аудиторлық есепті тапсырмаса;

(c) егер қандайда бір сәтте Банк Жалпы шарттардың 6.02-бөлімінің ережелеріне сәйкес Займ алушының Займ шотынан қаржы алу құқын толықтай немесе ішінара тоқтату жөніндегі өз ниеті туралы Займ алушыны хабардар етсе; немесе

(d) өкілетті санаттарды қаржыландыруға арналған, Жалпы шарттардың 5.02-бөлімінің ережелеріне сәйкес кез келген өтелмеген мақсатты сома шегерілген, Займ

қаржысының алынбаған жиынтық сомасы Жоба шеңберінде рұқсат етілген шығындар сомасынан екі есе артық болса қабылдамайды.

Бұдан кейін өкілетті санаттарды қаржыландыруға арналған алынбаған сомалар қалдығын Займ шотынан алу Банк Займ алушыға берген арнаулы хабарламада көрсетілген рәсімдерге сәйкес жүзеге асырылады. Аталған хабарлама күнінде Арнаулы шоттың депозитінде қалған барлық сома өкілетті шығындар бойынша төлемдерді жүзеге асыру үшін пайдаланылатындығына Банктің көзі жеткен соң ғана осындай қаржы алу Банк үшін қолайлы көлемде жүргізіледі.

6. (a) Егер Банк қандай да бір сәтте Арнаулы шоттың қаржысынан жасалған кез келген төлемдер (i) осы қосымшаның 2-тармағының шарттарына сәйкес келмейтін шығындардың орны толтыруға немесе сондай сомада жасалғанын, немесе (ii) Банкке берілген құжаттамамен негізделмегенін анықтаса, Займ алушы Банктің хабарламасын алған бойда кешіктірмей: (A) Банк сұрауы мүмкін қосымша айғақтама ұсынады; немесе (B) жеткілікті дәрежеде расталмаған немесе өкілетті болып табылмайтын төлем сомасына немесе оның бөлігіне тең соманы Арнаулы шотқа (немесе Банктің сұрауы бойынша Банкке қайтарады). Банктің өзгедей келісімі болмаса, Займ алушы нақты жағдайға байланысты әлгіндей айғақтама ұсынбаса немесе аталған жарнаны Арнаулы шотқа енгізбесе яки қаржыны қайтармаса, Банк Арнаулы шотқа ешқандай қаржы салмайды.

(b) Егер Банк қандайда бір сәтте Арнаулы шоттағы кез келген өтелмеген сома тиісті шығындар бойынша бұдан арғы төлемдердің орнын толтыру үшін қажет болмайтынын анықтаса, Займ алушы Банктен хабарлама алған бойда Банкке осындай өтелмеген соманы қайтарады.

(c) Займ алушы Банктің хабарламасын алған соң Арнаулы шоттың депозитіндегі қаржыны толық немесе ішінара қайтару мүмкін.

(d) Осы қосымшаның 6(a), (b) және (c) тармақтарына сәйкес Банкке қайтарылатын қаржы осы Келісімнің, оның ішінде Жалпы шарттардың ережелеріне сәйкес кейін алу немесе жою үшін Займ шотына есептеледі.

7-ҚОСЫМША

Қатысушы-шаруашылықтарға және қосымша жобаларға қолданылатын рәсімдер, іріктеу өлшемдері, шарттар мен мерзімдер

А б ө л і г і : Р ә с і м д е р

1. Қосымша жобалардың әрқайсысын іріктегенге дейін Займ алушы Банкке осындай қосымша жоба жөнінде ұсыныс береді.

2. Осы қосымшаның А бөлігінің 1-тармағында баяндалған жалпы рәсімдерден басқа қосымша жобаларды іріктеудің мынадай рәсімдері қолданылады:

(а) Шаруашылық Жобаға қатысушы болғанға дейін ЖЖТ-ға өз ниеті жөнінде хат жібереді, онда қосымша жобаны жүзеге асыруға мүдделілігін білдіреді және қысқаша оның мазмұнын баяндайды;

(б) ЖЖТ хатта көрсетілген консультация өткізу ниеті туралы ақпаратты және Банктің қарсылығы жоқтығының айғақтамасын есепке ала отырып, ұсынылған қосымша жобаны одан әрі дайындаудың және бағалаудың қажеттігін айқындайды;

(с) Егер, жоғарыда көрсетілген рәсімдер сақталған жағдайда, ЖЖТ ұсынылып отырған қосымша жобаны әзірлеуді жалғастыру жөнінде шешім қабылдаса, онда ЖЖТ қолайлы жағдайда қатысушы шаруашылықтармен кеңесіп, ұсынылып отырған қосымша жобаға дайындық жүргізеді: (i) Банк үшін қолайлы, Жарлыққа сәйкес талап етіліп отырған нысандағы техникалық-экономикалық негіздеме; және (ii) Банк үшін қолайлы қоршаған ортаға әсерді бағалау. Техникалық-экономикалық негіздемеде мыналар болу керек: (i) қатысушы шаруашылық туралы ақпарат, оның ішінде заңды мәртебесі мен меншік нысаны; (ii) қатысушы шаруашылықтың жарғысы мен ережелерінің көшірмесі; (iii) қосымша жоба туралы ақпарат; (iv) қосымша жоба бойынша шығындар сметасы; (v) қосымша жобаны экономикалық және қаржылық талдау; (vi) ұсынылып отырған қосымша жобаның іргелес елдерге маңызды әсері болған жағдайда оны бағалау; және (vii) пайдалану-жөндеу қызметінің жоспары және СПА бойынша ұсынылатын ұйымдастыру шаралары;

(d) Қосымша жоба бекітілгенге дейін ЖЖТ ұсынылып отырған қосымша жобаны Банкке қарап, мақұлдау үшін ұсынады. ЖЖТ ұсынылып отырған қосымша жобаны Банкке берген кезде оған мыналар қоса тіркеледі: (i) 2(с)-тармақта көрсетілген есептер; (ii) мемлекеттік экологиялық сараптама есебі бойынша қорытындылар; (iii) жоғарыда 2 (а)-тармақта аталған ниет туралы хат; және (iv) Банк дәлелді сұрайтын басқа да ақпарат

В бөлігі: Қатысу шарттары

1. Қосымша жобаға қатысатын шаруашылықтар және қосымша жобалар Банк үшін қолайлы қатысу шарттарына, оның ішінде төменде баяндалатын шарттарға сәйкес іріктеу мен бағалау процесінде ғана іріктеледі.

2. Жоба мен Қосымша жобаға қатысушы шаруашылықтарды іріктеу кезінде Займ алушы мына жайларды қамтамасыз етеді:

(а) Қосымша жобалар іс жүзінде бар жер суландыру жүйелерін қайта жаңғырту мақсатын көздейді; (қосымша жоба шеңберінде бұрын суландырылған учаскелерден басқа ешқандай жаңа аудандарды суландыру көзделмейді); ұсынылып отырған

қосымша жобаның іргелес елдерге маңызды әсер етуіне байланысты, және бұл жағдайда Банк үшін қолайлы саясат пен рәсімдерге жауап береді;

(b) Қосымша жоба нәтижесінде басты өзендерден басқа су қорларына су жіберу жүргізілмеуі керек;

(c) Қосымша жоба нәтижесінде табиғи сулы-сазды ал қаптардың едәуір алаңының құрғатылуы немесе суландырылуы болмауы керек, бұл жабайы аңдардың табиғи мекен ету ортасына және балық өсіруге елеулі әсер етеді;

(d) Қосымша жобаларды жүзеге асыру кезінде жер суландыру үшін өңделмеген тұрмыстық ағын сулар пайдаланылмауы керек;

(e) темекі плантацияларын суландыру қосымша жобаға енгізуге жатпайды;

(f) қосымша жобалар рентабельділігінің экономикалық нормасы мен пайдасының қаржылық нормасы он екі проценттен (12 %) кем болмауы қажет;

(g) Жобаға қатысуға өтініш беретін шаруашылықтар жеке меншік болуы керек;

(h) қосымша жобалар шеңберінде белгісіз археологиялық қазбалар немесе тарихи орындар табылып қалған жағдайда Банк үшін қолайлы тиісті рәсімдерді қабылдау және сақтау көзделеді;

(i) қосымша жобалар өз шекарасынан тыс жерлердегі су сапасының нашарлауын болғызбауы, барлық жергілікті және ұлттық экологиялық нормалар мен талаптарға жауап беруі керек, бұл ретте қосымша жобаның сызбасын жасау және жүзеге асыру кезінде денсаулық сақтаудың, экологияның, еңбек қорғаудың жергілікті және ұлттық талаптарына сәйкес, сонымен бірдей қоршаған ортаны қорғау шаралары көзделеді.

С бөлігі: Шарттары мен мерзімдері

1. Барлық қосымша жобалар тиісінше сапалы және тиімді, жеткілікті мөлшердегі білгір мамандардың көмегімен жұмыс істейтін білікті әрі тәжірибелі басшылықтың бақылауымен, техникалық, қаржылық, экологиялық, коммерциялық және басқару салаларында белгіленген стандарттар мен нормаларға, соның ішінде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жергілікті және ұлттық талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Займ алушы Банк өтініш жасаған жағдайда банк өкілдерінің Қосымша жобада көзделген тауарлар мен құрылыс алаңдарын, жұмыстарды, құрылыстар мен құрылғыларды, жобалау қызметтерін, сондай-ақ кез келген тиісті есептер мен құжаттарды тексеруі үшін жобаға қатысушы шаруашылықтардың мүмкіндік жасауын қамтамасыз етеді.

3. Займ алушы әрбір қосымша жоба бойынша барлық фермерлік инвестициялық шығындардың мынадай шарттарға сәйкес орны толтырылатынына кепілдік береді:

(a) шығындардың орнын толтыру гектар үшін ақы төлеуге негізделеді;

(b) шығындардың орнын толтыру кемінде 30 жыл мерзім ішінде орындалады;

(c) шығындардың орнын толтыру нормасы сексен проценттен (80 %) аспайтын және

жетпіс проценттен (70 %) кем емес мөлшерде болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ